ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 қыркүйек № 4360-24-00-2/2192 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Айтбаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Улбосын Оразбекқызы Айтбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Айтбаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Улбосын Оразбекқызы Айтбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Айтбаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Улбосын Оразбекқызы Айтбаевадан мемлекет кірісіне 5 900 (бес мың тоғыз жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 023 (екі мың жиырма үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 17.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Әбілқайысқызы А., 24.10.2024

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 17.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.10.2024, судья Әбілқайысқызы А., 24.10.2024

4360-24-3-1/2301